

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

AE8000



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2
Қауіпсіздік	2
2 Сіздің радиосағатыңыз	4
Кіріспе	4
Қораптың құрамы	4
Радиосағаттың жалпы шолуы	5
Қашықтан басқару құралына шолу	6
3 Жұмысты бастау	7
Қашықтан басқару құралын дайындау	7
Радиоантеннаны дайындау	7
Қуатты қосу	7
Бастапқы орнатуды орындау	8
Қосу	9
4 Интернеттен радио тыңдау	10
Мәзірді Интернет-радио режимінде пайдалану	10
Станциялар тізіміне Интернет станцияларын қосу	11
Интернет-радио станцияларды сақтау	12
Алдын ала орнатылған интернет радиостанциясын таңдау	13
Интернет-радио ақпаратын көрсету	13
5 DAB радиосын тыңдау	14
(DAB) туралы	14
DAB радио станцияларын реттеу	14
DAB радиостанцияларын сақтау	14
Алдан ала орнатылған DAB радио станциясын таңдау	15
DAB режимінде мәзірді қолдану	15
DAB ақпаратын көрсету	16
6 FM радионы тыңдау	17
FM радио станцияларын реттеу	17
FM радиостанцияларын сақтау	17
Алдан ала орнатылған FM радио станциясын таңдау	17
Мәзірді FM режимде қолдану	18
RDS ақпаратын көрсету	18
7 Жүйе параметрлерінің мәзірін қолдану	19
Желі параметрлерін реттеу	19
Уақытты/күнді орнату	19
Жүйе тілін таңдау	20
Барлық параметрлерді ысыру	20
Бағдарламалық құралды жаңарту туралы ақпаратты тексеріңіз	20
Бағдарламаны жаңарту (егер қол жетімді болса)	20
Бағдарламалық құрал нұсқасын білу	20
Артқы жарық параметрлерін реттеу	21
8 Басты мәзірді қолдану	22
Сағат пен оятқышты орнату	22
Ұйқы таймерін орнату	23
9 Басқа мүмкіндіктер	24
Сыртқы құрылғыны тыңдау	24
Дыбыс деңгейін реттеу	24
Құлақсаппа арқылы тыңдау	24
Дыбысты өшіру	24
10 Өнім туралы ақпарат	25
Ерекшеліктер	25
11 Ақаулықтарды жою	26
12 Ескерту	27
Сәйкестік	27

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік



Абайлаңыз

- Бұл радио-сағаттың корпусын ешқашан алмаңыз.
- Осы радио-сағаттың ешбір бөлігін ешқашан майламаңыз.
- Бұл радио-сағатты ешқашан басқа электр құрылғының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл радио-сағатты күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызатын жерлерден алыс ұстаныз.
- Радио-сағатты қуат көзінен ажырату үшін, қуат сымына, ашаға немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

- Мына нұсқауларды оқып, орындаңыз.
- Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті бос орын бар екендігін тексеріңіз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Радиосағаттың қуат сымы немесе ашасы бүлінген болса, оған су тиіп немесе үстіне зат құлаған болса, оған жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және басқаша бүлінген болса, оны жөндеу қажет.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда бұл өнімді ток көзінен ажыратыңыз.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:

- Батареяны қашықтан басқару құралына + және - белгісімен дұрыстап салыңыз.
- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
- Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяны шығарып қойыңыз.
- Батареяны күн сәулесі, от немесе сол сияқты шамадан тыс қызудың әсеріне ұшыратуға болмайды.
- Өнімге сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.

Есту қауіпсіздігі



Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

- Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.
- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.
- Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.
- Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.



Ескертпе

- Жапсырма құрылғының артқы жағында орналасқан.

2 Сіздің радиосағатыңыз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Осы радиосағат беретін мүмкіндіктер:



- желі байланысы арқылы интернет-радионы тыңдау;
- FM және сандық дыбысты тарату (DAB) радиосын тыңдау;
- сыртқы құрылғылардан дыбысты тыңдау;
- уақытты білу және
- екі оятар орнату.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз:

- Радиосағат
- Қуат адаптері (2 өзара ауыспалы ашамен)
- Қашықтан басқару пульті
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- Қауіпсіздік және ескерту парақшасы

Радиосағаттың жалпы шолуы



①

- Радионы қосу.
- Құту режиміне ауысу.

② **z Z**

- Ұйқы таймерін орнату.

③ **SELECT** тұтқасы

- Радиостанцияларға қосылу үшін сағат тілінің бойымен немесе оған қарсы бұрау.
- Мәзір тізімі бойымен жылжу үшін сағат тілінің бойымен немесе оған қарсы бұрау.
- Таңдауды растау үшін басу.

④

- Құлақаспапты жалғау.

⑤ **VOL** тұтқасы

- Дыбыс деңгейін реттеу.

⑥ **INFO**

- DAB режимінде DAB станциялары туралы ақпарат көрсетіледі.
- Интернет-радио режимінде интернет радиостанциялары туралы ақпарат көрсетіледі.
- FM режимінде RDS станциялары туралы ақпарат көрсетіледі.

⑦ **⇒ /SNOOZE**

- Алдыңғы мәзірге оралу.
- Оятқышты кейінге қалдыру.

⑧ **Санды пернетақта (1-3)**

- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- Радиостанцияны сақтау үшін санды таңдау.

⑨ **⬆ MENU**

- Жұмыс режимінде жоғарғы мәзірге кіру.

⑩ **PRESET**

- Радиостанцияларды сақтау.
- Алдын ала орнатылған станциялар тізімін көрсету.

⑪

- Дыбысты өшіру немесе жалғастыру.

⑫ **SOURCE**


- Көзді таңдау: **DAB радиосы, FM радиосы, AUX IN, немесе Интернет-радио.**

⑬ **AUDIO IN**

- Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу.

- ⑭ **USB ұясы**
 - Тек бағдарламалық құралды жаңарту үшін (қажет болса).
- ⑮ **DC IN**
 - АТ қуатын қосыңыз.
- ⑯ **Радио антеннасы**
 - Радио қабылдауды жақсарту.
- ⑰ **Wi-Fi антеннасы**
 - Wi-Fi қабылдауын жақсарту.

Қашықтан басқару құралына шолу



- ① **⏻**
 - Радионы қосу.
 - Күту режиміне ауысу.
- ② **SOURCE**
 - Көзді таңдау: **DAB** радиосы, **FM** радиосы, **AUX IN** немесе **Интернет-радио**.

- ③ **PRESET**
 - Радиостанцияларды сақтау.
 - Алдын ала орнатылған станциялар тізімін көрсету.
- ④ **INFO**
 - DAB режимінде DAB станциялары туралы ақпарат көрсетіледі.
 - Интернет-радио режимінде интернет радиостанциялары туралы ақпарат көрсетіледі.
 - FM режимінде RDS станциялары туралы ақпарат көрсетіледі.
- ⑤ **◀**
 - Алдыңғы мәзірге оралу.
 - Параметрді немесе қосалқы параметрді таңдау.
- ⑥ **⇒ / SNOOZE**
 - Алдыңғы мәзірге оралу.
 - Оятқышты кейінге қалдыру.
- ⑦ **🏠**
 - Жұмыс режимінде жоғарғы мәзірге кіру.
- ⑧ **🔇**
 - Дыбысты өшіру немесе жалғастыру.
- ⑨ **Санды пернетақта (1-5+)**
 - Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
 - Радиостанцияларды сақтау үшін санды таңдау.
- ⑩ **+ VOL -**
 - Дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑪ **OK**
 - Таңдауды растау.
- ⑫ **▶**
 - Таңдауды растау.
 - Параметрді немесе қосалқы параметрді таңдау.
- ⑬ **▲ / ▼**
 - FM радиостанцияларын реттеу.
 - Мәзір тізімі бойымен жылжу.
- ⑭ **SLEEP**
 - Ұйқы таймерін орнату.

3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.


Қашықтан басқару құралын дайындау

Ескертпе


- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Ішінде химиялық заттар бар болғандықтан, батареяларды дұрыс тастау керек.
- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареясын шығарып алыңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын салу үшін:

1 Батарея бөлімін ашыңыз.



2 AAA батареясын көрсетілгендей дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.



3 Батарея бөлімін жабыңыз.

Радиоантеннаны дайындау

Жақсырақ қабылдау үшін антеннаны толық ұзартып, орналасу қалпын реттеңіз.

Ескертпе


- Кедергіні болдырмау үшін антеннаны қандай да бір басқа сәуле тарату көздерінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.

Қуатты қосу

Ескерту


- Өнімді бұзып алу қаупі! Электр кернеуінің радиосағаттың артқы немесе түп жағында басылған кернеуге сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток сымын розеткадан ажыратқанда, әрқашан ашадан ұстап суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.

1 Адаптер штепселінің конвертерін таңдап, оны адаптерге бекітіңіз.



2 Қуат адаптерін мынаған жалғаңыз:

- радионың артқы жағындағы **DC IN** ұясына және
- қабырғадағы розеткаға.



Бастапқы орнатуды орындау


Радио алғаш рет қосылғанда, дисплей панелінде **[Setup wizard]** пайда болады. Кейбір негізгі параметрлерді конфигурациялау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Интернет-радионы тыңдау үшін алдымен Wi-Fi байланысын орнату қажет. WPS (қорғалған Wi-Fi орнатуы) — қауіпсіз сымсыз үй желісін оңай орнату үшін Wi-Fi Alliance жасаған стандарт. Егер сымсыз маршрутизатор WPS стандартын қолдаса, радионы тез әрі қауіпсіз маршрутизаторға екі орнату әдістердің біреуі арқылы қоса аласыз: PBC (түймені басу конфигурациясы), немесе PIN (жеке идентификациялық нөмір). WPS стандартын қолдамаса, радионы сымсыз маршрутизаторға қосудың басқа әдісі бар.

Ескертпе


- Желіге қосылмастан бұрын желі маршрутизаторымен танысыңыз.
- Үйдегі Wi-Fi желісі қосылып тұрғанын тексеріңіз.
- Wi-Fi сигналын жақсырақ қабылдау үшін Wi-Fi антеннасын бұрып, орналасу қалпын реттеңіз.

- 1 Дисплейде **[Setup wizard]** көрсетілгенде, орнатуды бастау үшін ◀ / ▶ түймелерін басып, **[YES]** опциясын таңдаңыз. Егер **[NO]** нұсқасын таңдасаңыз, шеберді келесіде қолдану туралы сұрақ қойылады.



- 2 Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Тілдер тізімі көрсетіледі.
- 3 Жүйе тілін таңдау үшін ▲ / ▼ түймелерін басыңыз.
- 4 Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
↳ **[12/24 hour format]** көрсетіледі.

- 5 12 немесе 24 сағаттық форматты таңдау үшін ◀ / ▶ түймелерін басыңыз.
- 6 Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 7 Уақытты радиостанциялармен синхрондау үшін 3-4-қадамдарды қайталаңыз.




- **[Update from DAB]:** уақытты DAB станцияларымен синхрондау.
- **[Update from FM]:** уақытты FM станцияларымен синхрондау.
- **[Update from Network]:** уақытты интернет радиостанцияларымен синхрондау.

↳ Егер **[Update from Network]** таңдалса, уақыт белдеуін орнату үшін 3-4-қадамдарды қайталаңыз, ал одан кейін жазғы уақытты орнату үшін 5 және 6-қадамдарды қайталаңыз.

- **[No update]:** уақыт синхрондауын өшіру.
↳ Егер **[No update]** таңдалса, күн мен уақытты орнату үшін 3-4-қадамдарды қайталаңыз.

- 8 Желімен байланыста болу үшін **[YES]** нұсқасын таңдап, 5-6-қадамдарды қайталаңыз.
- 9 Сымсыз жергілікті желі аймағын таңдау үшін 3-4-қадамдарды қайталаңыз.
↳ Радио сымсыз желілерді автоматты түрде іздей бастайды.
↳ Қолжетімді Wi-Fi желілер тізімі пайда болады.
- 10 Wi-Fi желіңізді таңдау үшін 3-4-қадамдарды қайталаңыз.
- 11 Сымсыз маршрутизаторды қосу нұсқасын таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз.



- **[Push Button]**: егер маршрутизатор WPS және PBC орнату әдістерін қолдаса, осы параметрді таңдаңыз. Маршрутизатордағы қосылу түймесін, одан кейін жалғастыру үшін **OK** түймесін басуға нұсқау беріледі.
- **[Pin]**: егер маршрутизатор WPS және PIN орнату әдістерін қолдаса, осы параметрді таңдаңыз. Радио маршрутизаторға енгізілетін 8-сандық кодты өндіреді.
- **[Skip WPS]**: егер сымсыз маршрутизатор WPS протоколын қолдамаса, осы опцияны таңдаңыз. Wi-Fi желісіне құпия сөз орнатуға кеңес беріледі.


12 Дисплей панеліндегі нұсқау бойынша WPS түймесін басыңыз немесе сымсыз маршрутизатордағы рп нөмірін енгізіңіз не болмаса желіге қосылу үшін құпия сөзді енгізіңіз (Көрсетілген опциялар желіңіздің түріне және қолданылған қорғанысқа байланысты болады).

- Желінің құпия сөзін енгізгенде, белгіні таңдау үшін ▲ / ▼ / ◀ / ▶ түймелерін, одан кейін растау үшін **OK** түймесін басыңыз.



- Бас тарту үшін ▲ / ▼ / ◀ / ▶ түймелерін басып, **[CANCEL]** опциясын таңдаңыз.
 - Желіге кіруді растау үшін ▲ / ▼ / ◀ / ▶ түймелерін басып, **[OK]** опциясын таңдаңыз.
 - Желіге кіруді жою үшін ▲ / ▼ / ◀ / ▶ түймелерін басып, **[BKSP]** опциясын таңдаңыз.
 - Процестен шығу үшін ⇨ түймесін басыңыз.
- ⇨ Егер желі байланысы орнатылса, **[Connected]** хабары көрсетіледі.

13 Дисплейде **[Setup wizard completed]** пайда болғанда, реттеуді аяқтау үшін **OK** түймесін басыңыз.



Кеңес

- Кейбір Wi-Fi маршрутизаторларында Wi-Fi байланысы үшін WPS түймесін басып тұру қажет болуы мүмкін. Толық деректерді алу үшін арнайы маршрутизаторлардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Орнату шеберін қайта қосу үшін **[System settings]>[Setup wizard]** мәзірін таңдаңыз («Жүйе параметрлерінің мәзірін қолдану» тарауын қараңыз).

Қосу

- ⚙ түймесін басыңыз.
 - ⇨ Радио соңғы таңдалған көзге ауысады.

Күту режиміне ауысу

- Қайтадан ⚙ түймесін басыңыз.
 - ⇨ Дисплей панелі күңгірттеледі.
 - ⇨ Уақыт пен күн (егер орнатылған болса) көрсетіледі.



Ескертпе

- Егер жүйе 15 минут бойы бос тұрса, радио күту режиміне автоматты түрде ауысады.

4 Интернеттен радио тыңдау

Радио интернет байланысы арқылы әлемдегі мыңдаған радиостанциялар мен подкасттарды ойната алады.


Мәзірді Интернет-радио режимінде пайдалану

Интернет байланысы орнатылған соң, станциялар тізімін дисплейден көресіз. Одан кейін хабар таратылымын бастау үшін тізімнен біреуін таңдаңыз.

Ескертпе

- Үйдегі Wi-Fi желісі қосылып тұрғанын тексеріңіз.
- Wi-Fi сигналын жақсырақ қабылдау үшін Wi-Fi антеннасын бұрып, орналасу қалпын реттеңіз.

- 1 **[Internet radio]** режимін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайта-қайта баса беріңіз.
 - ➔ Радио алдыңғы қосылған желіге қосылуды бастайды және соңғы тыңдалған Интернет-радио станциясына дәлденеді.
 - ➔ Егер бұрын интернет байланысы орнатылмаған болса, радио сымсыз желілерді автоматты түрде іздей бастайды (Желі байланысын орнату үшін «Жұмысты бастау»>«Бастапқы орнатуды орындау» немесе «Жүйе параметрлерінің мәзірін қолдану»>«Желі параметрлерін реттеу» тарауларын қараңыз).
- 2 Мәзірді ашу үшін  **MENU** түймесін басыңыз.
- 3 Мәзір опциялары арасында жылжу үшін  /  түймелерін қайталап басыңыз:



- **[Last listened]:** соңғы тыңдалған радио станцияларына дәлдеу.
- **[Station list]:** кез келген қолжетімді Интернет-радио станцияларына дәлдеу.
- **[System settings]:** жүйе параметрлерін реттеу (барлық жұмыс режимдері үшін бірдей мәзір опциясы. Қосымша ақпарат алу үшін «Жүйе параметрлерінің мәзірін қолдану» тарауын қараңыз).
- **[Main menu]:** басты мәзірге кіру (барлық жұмыс режимдері үшін бірдей мәзір опциясы. Қосымша ақпарат алу үшін «Басты мәзірді қолдану» тарауын қараңыз).

4 Опцияны таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.

5 Егер бір опцияда қандай да бір қосалқы опция бар болса, 3-4-қадамдарды қайталаңыз.

- Алдыңғы мәзірге оралу үшін  түймесін басыңыз.
- Жоғарғы мәзірге қайту үшін  түймесін басыңыз.

[Station list]

- **[My Favourites]:** ұнатқан станциялар тізіміне енгізген интернет радиостанцияларына қосылу («Интернет-радиоңы тыңдау»>«Интернет станцияларды станциялар тізіміне қосу» бөлімін қараңыз).
- **[Local China]:** поп және классикалық музыка, бизнес жаңалықтар және т.б. Қытайдағы қолжетімді радиостанцияларға қосылу.
- **[Stations]:**
 - **[Location:]** Интернет радиостанцияларын аймақ бойынша шолу.
 - **[Genre]:** интернет радиостанцияларын жанр бойынша шолу.

- **[Search stations]:** интернет радиостанцияларын іздеу. Іздеу үшін ▲ / ▼ / ◀ / ▶ түймелерін басып, белгілерді таңдаңыз да, қажетті сөзді енгізіңіз, одан кейін жалғастыру үшін **OK** түймесін басыңыз.
- **[Popular stations]:** интернеттегі ең танымал станцияларға қосылу.
- **[New stations]:** интернетте ең соңғы хабар таратқан станцияларға қосылу.
- **[Podcasts]:**
 - **[Location:]:** аймақ бойынша подкасттарды шолу.
 - **[Genre]:** жанр бойынша подкасттарды шолу.
 - **[Search podcasts]:** кез келген қолжетімді подкасттарды іздеу.
- **[My Added Stations]:** станциялар тізіміне енгізген кез келген станцияға қосылу («Интернет-радионы тыңдау» > «Станциялар тізіміне интернет станцияларды енгізу» бөлімін қараңыз).
- **[Help]:**
 - **[Get access code]:** кіру кодын білу.
 - **[FAQ]:** кейбір станциялардың неге кейде жұмыс істемейтінін және станциялардың нәліктен тізімнен жоғалып кететінін білу.

Ескертпе

- 15 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, мәзірден шығу орындалады.
- Станция тізімі мен қосалқы мәзірлер уақыт өткен сайын өзгеруі және аймаққа байланысты өзгеше болуы мүмкін.


Станциялар тізіміне Интернет станцияларын қосу

Frontier Silicon интернет-радио порталының сайты ұнатқан тізімдерді реттеуге және компьютерде интернет-радионы тыңдауға мүмкіндік береді. Интернет-радионың «favorites» (таңдаулылар) және «added stations» (тізімге енгізілген станциялар) мүмкіндіктерін қолдану үшін радионы алдымен порталда тіркеу керек.


Ескертпе

- Радио интернет-радио режимінде екендігін және Wi-Fi желісіне қосылғандығын тексеріңіз.


- 1 Мәзір тізімінен **[Station list]** > **[Help]** > **[Get access code]** опциясын таңдаңыз.
↳ Осы радио үшін кіру коды көрсетіледі.



- 2 Кіру кодын жазып алыңыз.
- 3 www.wifiradio-frontier.com веб-сайтына өтіңіз.
- 4 Кіру коды арқылы жаңа тіркелгі тіркеңіз.




- 5 Станцияларды/подкасттарды шолыңыз немесе ізденіз, содан кейін оларды таңдаулы станциялар тізіміне қосыңыз.



- ➔ AE8000 құрылғысында таңдаулы станцияларды табу үшін **[Station list]>[My Favourites]** (Менің таңдаулыларым) бөліміне өтіңіз.



- 6 Бұл тізімде жоқ станцияны қосу қажет болса, оны өзіңізге қосу үшін **[My account]** (Менің тіркелгім)>**[My added stations]** (Менің қосылған станцияларым) түймесін басыңыз.



- ➔ AE8000 құрылғысында жаңадан қосылған станцияларды табу үшін **[Station list]>[My Added Stations]** (Менің қосылған станцияларым) бөліміне өтіңіз.



Кеңес

- Ұнатқан станцияларды басқа Wi-Fi радиосымен синхрондау үшін www.wifiradio-frontier.com сайтындағы нұсқауларды орынданыз.
- Көрсетілген кіру коды бірнеше минут ішінде ғана жарамды болады. Сол уақыт аралығында радионы тіркемесеңіз, жаңа кіру кодын алып, қайта тіркелу үшін жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.

Интернет-радио станцияларды сақтау



Ескертпе

- Ең көбі 10 интернет радиостанциясын сақтай аласыз.

А опциясы:

- 1 Интернет-радио режимінде интернет радиостанциясына қосылыңыз.
- 2 **PRESET** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
➔ Алдын ала орнатылған станция тізімі көрсетіледі.
- 3 Алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз.
- 4 Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
➔ **[Preset stored]** көрсетіледі.
➔ Станция таңдалған орнында сақталады.

Б опциясы:

- 1 Интернет-радио режимінде интернет радиостанциясына қосылыңыз.
- 2 Радиостанцияны сақтау үшін санды пернетақтаны қолданыңыз.
 - 1-5 санын алдын ала орнату үшін санды пернетақтаны (1-5) екі секунд бойы басып тұрыңыз.
 - 6-10 санын алдын ала орнату үшін 5+ түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз, одан кейін сәйкес санды түймені басыңыз. (Мысалы: 6 санын алдын ала орнатқыңыз келсе, 5+ түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз, одан кейін 1 санын басыңыз.)
 ➔ **[Preset stored]** көрсетіледі.
➔ Станция таңдалған орнында сақталады.



Кеңес

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.

Алдын ала орнатылған интернет радиостанциясын таңдау

Интернет-радио режимінде алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдаудың екі әдісі бар.

А опциясы:

- 1 **PRESET** түймесін басыңыз.
- 2 Нөмір таңдау үшін ▲ \ ▼ түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Б опциясы:

- Алдын ала орнатылған санды таңдау үшін санды пернетақтаны басыңыз.



Кеңес

- Алдын ала орнатылған 6-10 санын таңдау үшін алдымен 5+ түймесін, одан кейін сәйкес санды түймені басыңыз. (Мысалы: егер 6 санын таңдағыңыз келсе, 5+ түймесін, одан кейін 1 түймесін басыңыз.)

Интернет-радио ақпаратын көрсету

Интернет-радионы тыңдау барысында келесі ақпаратты (егер қолжетімді болса) жылжыту үшін **INFO** түймесін қайталап басыңыз:

- ↳ Әнші мен жол аты
- ↳ Станция сипаттамасы
- ↳ Станция жанры мен аймағы
- ↳ Сигнал сенімділігі
- ↳ Кодек пен дискретизация жиілігі
- ↳ Артқа ойнату буфері
- ↳ Күн

5 DAB радиосын тыңдау

(DAB) туралы

Цифрлық Радиохабар Тарату (DAB) туралы DAB цифрлық радиосы — жер үсті тасымалдаушылар арқылы радиохабар таратудың жаңа жолы. Бұл тыңдармандарды кең таңдау ауқымымен және мөлдір таза, сапалы дыбыс берілетін ақпаратпен қамтамасыз етеді.

— Технология қабылдағышқа қол жетімді ең қатты сигналды блоктауға мүмкіндік береді.

— DAB цифрлық станцияларымен жиіліктер сақталмайды, бірақ ол станция атауы бойынша орнатады, сондықтан жүріп келе жатып арқта қайтудың қажеті жоқ.

Мультиплекс деген не?

Цифрлық радио «мультиплекс» деп аталатын жиіліктердің жалғыз блогынан тұрады. Әрбір мультиплекс жиілікті спектр ауқымында жұмыс істейді (мысалы, DAB хабар таратуға арналған Band III).

DAB ХАБАР ТАРАТУЛАР ЖӘНЕ DLS

Әрбір DAB хабар тарату (немесе мультиплекс операторы) мәтінді және дыбыстық деректер қызметтерін қамтамасыз етеді. Кейбір бағдарламаларға Динамикалық белгі сегменті (DLS) қолдау көрсетеді. Бұл DAB радио дисплейінде жүгіртпе жол мәтіні ретінде оқуға болатын деректер болып табылады. Кейбір станциялар қазір немесе енді болатын ең соңғы жаңалықтарды, саяхат және ауа райы туралы ақпараттарды, веб-сайт мекенжайлары мен телефон нөмірлерін тасымалдайды.

Цифрлық радио қамту мен қызметтері туралы қосымша ақпаратты келесі мекенжайдан алыңыз: www.drdb.org.

DAB радио станцияларын реттеу

Алғаш рет DAB радио режимін таңдағанда немесе станция тізімі бос болғанда радио толық іздеуді автоматты түрде орындайды.

- **[DAB радио]** режимін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
↳ **[Scanning]** көрсетіледі.
↳ Радио автоматты түрде барлық DAB радиостанцияларын іздейді және сақтайды, ал одан кейін бірінші қолжетімді станцияны қосады.
↳ Станциялар тізімі радио жадында сақталады. Радионы келесі рет қосқан кезде станцияны іздеу атқарылмайды.

Станциялар қол жетімді тізімінен станцияны реттеу үшін:

- DAB режимінде қолжетімді DAB станциялар арасында жылжу үшін ▲ / ▼ түймелерін қайталап басыңыз.



Кеңес

- Станциялар уақыт өткен сайын өзгеруі мүмкін. Станция тізімін жаңарту үшін **[Scan]** мәзірін таңдау арқылы толық іздеуді орынданңыз.

DAB радиостанцияларын сақтау



Ескертпе

- Ең көбі 10 DAB радиостанцияларын сақтай аласыз.

А опциясы:

- 1** DAB режимінде DAB радиостанциясына қосылыңыз.
- 2** **PRESET** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
↳ Алдын ала орнатылған станция тізімі көрсетіледі.

3 Алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз.

4 Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

↳ **[Preset stored]** көрсетіледі.

↳ Станция таңдалған орнында сақталады.

Б опциясы:

1 DAB режимінде DAB радиостанциясына қосылыңыз.

2 Радиостанцияны сақтау үшін санды пернетақтаны қолданыңыз.

- 1-5 санын алдын ала орнату үшін санды пернетақтаны (1-5) екі секунд бойы басып тұрыңыз.

- 6-10 санын алдын ала орнату үшін 5+ түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз, одан кейін сәйкес санды түймені басыңыз. (Мысалы: 6 санын алдын ала орнатқыңыз келсе, 5+ түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз, одан кейін 1 санын басыңыз.)

↳ **[Preset stored]** көрсетіледі.

↳ Станция таңдалған орнында сақталады.



Кеңес

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.

Алдан ала орнатылған DAB радио станциясын таңдау

DAB режимінде алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдаудың екі әдісі бар.

А опциясы:

1 **PRESET** түймесін басыңыз.

2 Нөмір таңдау үшін ▲ \ ▼ түймесін басыңыз.

3 Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Б опциясы:

- Алдын ала орнатылған санды таңдау үшін санды пернетақтаны басыңыз.




Кеңес

- Алдын ала орнатылған 6-10 санын таңдау үшін алдымен 5+ түймесін, одан кейін сәйкес санды түймені басыңыз. (Мысалы: егер 6 санын таңдағыңыз келсе, 5+ түймесін, одан кейін 1 түймесін басыңыз.)

DAB режимінде мәзірді қолдану

1 DAB режимінде DAB мәзіріне кіру үшін **▲ MENU** түймесін басыңыз.

2 Мәзір опциялары арасында жылжу үшін **▲ / ▼** түймелерін қайталап басыңыз:



- **[Station list]:** барлық DAB радио станцияларын көрсету. Егер ешқандай станция табылмаса, радио DAB станцияларды іздей бастайды және оларды станциялар тізіміне енгізеді.
- **[Scan]:** барлық қолжетімді DAB радио станцияларын іздеп табу және сақтау.
- **[Manual tune]:** нақты бір арнаға/ жиілікке қолмен дәлдеп, оны станциялар тізіміне қосу.
- **[Prune invalid]** станциялар тізімінен барлық жарамсыз станцияларды жою.
- **[DRC]:** радиосигналдың динамикалық аумағын қысу, сонда тыныш дыбыстардың деңгейі артады, ал қатты дыбыстардың деңгейі төмендейді.
- **[Station order]:** станциялар тізімінде жылжу кезінде станциялар орналасқан ретін анықтауға мүмкіндік береді.
- **[System settings]:** жүйе параметрлерін реттеу («**Жүйе параметрлерінің мәзірін қолдану**» тарауын қараңыз).
- **[Main menu]:** басты мәзірге кіру («**Басты мәзірді қолдану**» тарауын қараңыз).

3 Опцияны таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.

4 Егер бір параметрде қандай да бір қосалқы параметр қол жетімді болса, 2 мен 3 аралығындағы қадамдарды қайталаңыз.

- Алдыңғы мәзірге оралу үшін ➡ түймесін басыңыз.
- Жоғарғы мәзірге қайту үшін ⬆ түймесін басыңыз.

[Prune invalid]

- **[YES]** станциялар тізімінен барлық жарамсыз станцияларды жою.
- **[No]**: алдыңғы мәзірге оралу.

[DRC]

- **[DRC high]**: DRC деңгейін жоғары деңгейге ауыстыру (әдепкі опцияны шулы ортада қолдануға кеңес беріледі).
- **[DRC low]**: DRC деңгейін төменгі деңгейге ауыстыру.
- **[DRC off]**: DRC деңгейін өшіру.

[Station order]

- **[Alphanumeric]**: станцияларды әліпби бойынша реттеу (әдепкі параметр).
- **[Ensemble]**: бірге ойнатылатын станциялар тобын тізу (мысалы: BBC немесе жергілікті Оңтүстік Уэльс).
- **[Valid]**: алдымен жарамды станцияларды, одан кейін эфирдегі станцияларды тізу.

Ескертпе

- 15 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, мәзірден шығу орындалады.

DAB ақпаратын көрсету

DAB радиосын тыңдау барысында келесі ақпаратты (егер қолжетімді болса) жылжыту үшін **INFO** түймесін қайталап басыңыз:

- ➡ Станция атауы
- ➡ Динамикалық белгі сегменті (DLS)
- ➡ Сигналдың күші
- ➡ Бағдарлама түрі (PTY)
- ➡ Топтың атауы
- ➡ Жиілік
- ➡ Сигнал қатесінің жиілігі
- ➡ Деректерді тасымалдау жылдамдығы және дыбыс күйі
- ➡ Кодек
- ➡ Уақыт пен күн

6 FM радионы тыңдау

FM радио станцияларын реттеу

- 1 **[FM радио]** режимін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
 - 2 Осы ▲ / ▼ түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
↳ Жүйе автоматты түрде қабылдау сигналы күшті FM станциясына қосылады.
 - 3 Көбірек радиостанцияларға реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.
- Станцияны қолмен реттеу үшін:**
- Жиілікті таңдау үшін FM тюнер режимінде ▲ / ▼ түймесін қайталап басыңыз.

FM радиостанцияларын сақтау



Ескертпе

- Ең көбі 10 FM радиостанцияларын сақтай аласыз.

А опциясы:

- 1 FM тюнер режимінде FM радиостанциясына қосылыңыз.
- 2 **PRESET** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
↳ Алдын ала орнатылған станция тізімі көрсетіледі.
- 3 Алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз.
- 4 Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
↳ **[Preset stored]** көрсетіледі.
↳ Станция таңдалған орнында сақталады.

Б опциясы:

- 1 FM тюнер режимінде FM радиостанциясына қосылыңыз.
- 2 Радиостанцияны сақтау үшін санды пернетақтаны қолданыңыз.
 - 1-5 санын алдын ала орнату үшін санды пернетақтаны (1-5) екі секунд бойы басып тұрыңыз.
 - 6-10 санын алдын ала орнату үшін 5+ түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз, одан кейін сәйкес санды түймені басыңыз. (Мысалы: 6 санын алдын ала орнатқыңыз келсе, 5+ түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз, одан кейін 1 санын басыңыз.)↳ **[Preset stored]** көрсетіледі.
↳ Станция таңдалған орнында сақталады.



Кеңес

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.

Алдан ала орнатылған FM радио станциясын таңдау

FM режимінде алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдаудың екі әдісі бар.

А опциясы:

- 1 **PRESET** түймесін басыңыз.
- 2 Нөмір таңдау үшін ▲ \ ▼ түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Б опциясы:

- Алдын ала орнатылған санды таңдау үшін санды пернетақтаны басыңыз.




Кеңес

- Алдын ала орнатылған 6-10 санын таңдау үшін алдымен 5+ түймесін, одан кейін сәйкес санды түймені басыңыз. (Мысалы: егер 6 санын таңдағыңыз келсе, 5+ түймесін, одан кейін 1 түймесін басыңыз.)

Мәзірді FM режимде қолдану

- 1 FM режимінде FM мәзірін ашу үшін /  **MENU** түймесін басыңыз.
- 2 Мәзір опциялары арасында жылжу үшін  /  түймелерін қайталап басыңыз:



- **[Scan setting]**
 - **[Audio setting]**
 - **[System settings]:** жүйе параметрлерін реттеу («Жүйе параметрлерінің мәзірін қолдану» тарауын қараңыз).
 - **[Main menu]:** басты мәзірге кіру («Басты мәзірді қолдану» тарауын қараңыз).
- 3 Опцияны таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.
 - 4 Егер бір параметрде қандай да бір қосалқы параметр қол жетімді болса, 2 мен 3 аралығындағы қадамдарды қайталаңыз.
 - Алдыңғы мәзірге оралу үшін  түймесін басыңыз.
 - Жоғарғы мәзірге қайту үшін  түймесін басыңыз.

[Scan setting]

- **[Strong stations only?]-[YES]:** тек сигналдары күшті FM радиостанцияларын іздеп табу.
- **[Strong stations only?]-[NO]:** барлық қолжетімді FM радиостанцияларын іздеп табу.

[Audio setting]

- **[Listen in Mono only?]-[YES]:** моно таратуды таңдау.
- **[Listen in Mono only?]-[NO]:** стерео таратуды таңдау.



Ескертпе

- 15 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, мәзірден шығу орындалады.

RDS ақпаратын көрсету


RDS (радио деректер жүйесі) — FM стансаларына қосымша ақпарат көрсетуге мүмкіндік беретін қызмет.

Егер FM станциясын RDS сигналымен тыңдасаңыз, RDS белгішесі мен станция атауы көрсетіледі.

- 1 RDS стансасына баптаңыз.
- 2 Төмендегі ақпаратта (қол жетімді болса) жылжу үшін **INFO** түймесін қайталап басыңыз:
 - ↳ Станция атауы
 - ↳ Радионың мәтіндік хабарлары
 - ↳ Бағдарлама түрі
 - ↳ Жиілік
 - ↳ Күн

7 Жүйе параметрлерінің мәзірін қолдану

- 1 Жұмыс режимінде мәзірге кіру үшін  түймесін басыңыз.
- 2 Ойнату кезінде **[System settings]** опциясын таңдау үшін  /  түймелерін қайталап басыңыз.
- 3 Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Опцияны таңдау үшін 2-3-қадамдарды қайталаңыз.



- **[Network]:** желі байланысын орнатуға мүмкіндік береді.
- **[Time/Date]:** уақыт пен күнді орнату.
- **[Language]:** жүйе тілін таңдау.
- **[Factory Reset]:** радионы зауыттық әдепкі күйге келтіру.
- **[Software update]:** бағдарламалық құрал жаңартуы туралы ақпаратты тексеру.
- **[Software Upgrade]:** қажетінше бағдарламалық құралды жаңарту.
- **[Setup wizard]:** бастапқы орнатуды орындау бойынша нұсқауларды береді.
- **[Info]:** бағдарламалық құрал нұсқасын білу.
- **[Backlight]:** артқы жарық параметрлерін реттеу.

Ескертпе

- 15 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, мәзірден шығу орындалады.

Желі параметрлерін реттеу

- 1 **[System settings]** > **[Network]** опцияларын таңдаңыз.
- 2 Опцияны немесе қосалқы опцияны таңдау үшін  /  түймелерін, одан кейін растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
 - **[Network wizard]:** желі байланысын орнату бойынша нұсқауларды береді.
 - **[PBC Wlan setup]:** егер маршрутизатор WPS және PBC орнату әдістерін қолдаса, осы параметрді таңдаңыз.
 - **[View settings]:** ағымдағы желі ақпаратын көру.
 - **[Wlan region]:** сымсыз жергілікті желі аймағын таңдау.
 - **[Manual settings]:**
 - **[DHCP enable]:** IP мекенжайды автоматты түрде тағайындау.
 - **[DHCP disable]:** IP мекенжайды қолмен тағайындау.
 - **[Network profile]:** радио сақтаған желілер тізімін көрсету.
 - **[Keep network connected?]:** желімен байланыста қалуды таңдау.

Уақытты/күнді орнату

- 1 **[System settings]** > **[Time/Date]** опцияларын таңдаңыз.
- 2 Опцияны немесе қосалқы опцияны таңдау үшін  /  түймелерін, одан кейін растау үшін **OK** түймесін басыңыз.



- **[Set Time/Date]:** уақыт пен күнді орнату.
- **[Auto update]:**
 - **[Update from DAB]:** уақытты DAB станцияларымен синхрондау.
 - **[Update from FM]:** уақытты FM станцияларымен синхрондау.

- **[Update from Network]:** уақытты интернет радиостанцияларымен синхрондау.
- **[No update]:** уақыт синхрондауын өшіру.
- **[Set format]:** 12/24 сағаттық форматты орнату.
- **[Set timezone]:** уақыт белдеуін орнату.
- **[Daylight savings]:** жазғы уақытты қосу немесе өшіру.

Ескертпе

- Егер уақытты DAB немесе FM бойынша жаңартсаңыз, жазғы уақыт нұсқасы қосылмайды.
- Егер желі бойынша жаңартсаңыз, уақыт белдеуін орнатыңыз.

Жүйе тілін таңдау

- 1 **[System settings] > [Language]** опцияларын таңдаңыз.
→ Тілдер тізімі көрсетіледі.
- 2 Жүйе тілін таңдау үшін ▲ / ▼ түймелерін, одан кейін растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Барлық параметрлерді ысыру

- 1 **[System settings] > [Factory Reset]** опцияларын таңдаңыз.
- 2 Опцияны таңдау үшін ▲ / ▼ түймелерін, одан кейін растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
 - **[Yes]:** радионы зауыттық әдепкі күйге қалпына келтіру үшін пайдаланыңыз.
 - **[No]:** алдыңғы мәзірге оралу.

Бағдарламалық құралды жаңарту туралы ақпаратты тексеріңіз

- 1 **[System settings] > [Software update]** опцияларын таңдаңыз.
- 2 Опцияны немесе қосалқы опцияны таңдау үшін ▲ / ▼ түймелерін, одан кейін растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
 - **[Auto-check setting]:** жаңа бағдарламалық құрал нұсқаларын мерзім сайын тексеру керектігін не керек еместігін таңдау.
 - **[Check now]:** жаңа бағдарламалық құрал нұсқаларын бірден тексеру.

Ескертпе

- Егер радио жаңа бағдарламалық құралды тапса, ол жаңарту керектігі туралы сұрайды. Егер келіссеңіз, жаңа бағдарламалық құрал жүктеліп, орнатылады.
- Бағдарламалық құралды жаңартпастан бұрын радионың тұрақты қуат желісіне қосылғандығын тексеріңіз. Бағдарламалық құралды жаңарту кезінде қуаттан ажырату өнімге зақым келтіруі мүмкін.

Бағдарламаны жаңарту (егер қол жетімді болса)

Егер бағдарламалық құралды жаңартқыңыз келсе, анықтама алу үшін WOOX Innovations компаниясына хабарласыңыз. Оның өзіңіз жаңарту әрекеті ұсынылмайды.

Бағдарламалық құрал нұсқасын білу

- **[System settings] > [Info]** опцияларын таңдаңыз.
→ Ағымдағы бағдарламалық құрал нұсқасы көрсетілген.

Артқы жарық параметрлерін реттеу

- 1 [System settings] > [Backlight]
опцияларын таңдаңыз.
- 2 Опцияны немесе қосалқы опцияны таңдау үшін ▲ / ▼ түймелерін, одан кейін растау үшін OK түймесін басыңыз.
 - [Timeout]: дисплейдің артқы жарығының өшу уақыт кезеңін таңдау.
 - [Power-on Level]: артқы жарықтың жарықтық деңгейін таңдау.

8 Басты мәзірді қолдану

- 1 Жұмыс режимінде жоғарыдағы мәзірге кіру үшін  түймесін басыңыз.
- 2 Ойнату кезінде **[Main menu]** опциясын таңдау үшін  /  түймелерін қайталап басыңыз.
- 3 Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Опцияны таңдау үшін 2-3-қадамдарды қайталаңыз.
 - **[Internet radio]**: интернет-радио режимін таңдау.
 - **[DAB]**: DAB режимін таңдау.
 - **[FM]**: FM режимін таңдау.
 - **[AUX in]**: AUX IN режимін таңдау.
 - **[Sleep]**: ұйықтау таймерін орнату.
 - **[Alarms]**: оятқыш таймерін орнату.
 - **[System settings]**: жүйе параметрлерін реттеу («Жүйе параметрлерінің мәзірін қолдану» тарауын қараңыз).

Ескертпе


- 15 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, мәзірден шығу орындалады.
- Интернет-радио, DAB радиосы, FM радиосы немесе AUX IN режимдерінің бірін таңдау үшін **SOURCE** түймесін де басуға болады.

Сағат пен оятқышты орнату

Ескертпе

- Екі оятқышты әр түрлі уақытта сигнал шығаруға орнатуға болады.
- Оятқыш қалыпты жұмыс істеуі үшін сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 **[Main menu]** > **[Alarms]** опцияларын таңдаңыз.
↳ Егер сағат орнатылмаса, хабарлама уақытты орнатуға кеңес береді.
- 2 Жалғастыру үшін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Күнді көрсететін сан жыпылықтайды.
- 3 Күнді орнату үшін  /  түймелерін, одан кейін растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Айды көрсететін сан жыпылықтайды.
- 4 Сәйкесінше ай, жыл мен уақытты орнату үшін 3-қадамды қайталаңыз.
↳ **[Alarm 1:off [00:00]]** және **[Alarm 2:off [00:00]]** опциялары көрсетілген.



- 5 **[Alarm 1:off [00:00]]**>**[Enable:]****[Off]** опциясын таңдау үшін 3-қадамды қайталаңыз.
- 6 Оятқыш таймерін қосу немесе өшіру үшін 3-қадамды қайталаңыз.
 - **[Off]**: оятқыш таймерін өшіру.
 - **[Daily]**: оятқыш күнде шырылдайды.
 - **[Once]**: оятқыш тек бір рет шырылдайды.
 - **[Weekends]**: оятқыш сенбі мен жексенбі күндері шырылдайды.
 - **[Weekdays]**: оятқыш дүйсенбіден жұмаға дейін күнде шырылдайды.
- 7 **[time]** опциясын таңдау үшін 3-қадамды қайталаңыз, одан кейін оятқыш уақытын орнатыңыз.
- 8 **[mode]** опциясын таңдау үшін 3-қадамды қайталаңыз, одан кейін оятқыш көзін орнатыңыз.
 - **[Buzzer]**: дыбыстық сигналды оятқыш көзі ретінде таңдау.
 - **[Internet radio]**: соңғы рет тыңдаған интернет радиостанциясын оятқыш көзі ретінде таңдау.
 - **[DAB]**: соңғы рет тыңдаған DAB радиостанциясын оятқыш көзі ретінде таңдау.

- **[FM]:** соңғы рет тыңдаған FM радиостанциясын оятқыш көзі ретінде таңдау.

- 9 **[preset]** опциясын таңдау үшін 3-қадамды қайталаңыз, одан кейін соңғы рет тыңдаған станцияны немесе алдын ала орнатылған радиостанцияны оятқыш көзі ретінде таңдаңыз.
- 10 **[Volume:]** опциясын таңдау үшін 3-қадамды қайталаңыз, одан кейін оятқыштың дыбыс деңгейін орнатыңыз.
- 11 **[Save] опциясын** таңдау үшін 3-қадамды қайталаңыз.
↳ 1-оятқыш орнатылған.
- 12 2-оятқышты орнату үшін 5-11 қадамдарын қайталаңыз.



Ескертпе

- Оятқыш қосылып тұрғанда 1-оятқыштың немесе 2-оятқыштың белгішесі дисплейде көрсетіледі. Оятқышты тоқтату үшін радиодағы түймесін басыңыз.
- Сонымен қатар уақыт пен күнді **[System settings]>[Time/Date]** опциялары арқылы орната аласыз («**Жүйе параметрлерінің мәзірін қолдану**»>«**Уақыт/күнді орнату**» бөлімдерін қараңыз).



Оятқышты кейінге қалдыру

- Оятқыш дыбысы шыққанда уақыт кезеңін (минутпен) таңдау үшін **SNOOZE** түймесін басыңыз.
↳ Оятқыш кейінге қалдырылып, алдын ала орнатылған уақыт кезеңінен кейін сигнал шығаруды қайталайды.

Ұйқы таймерін орнату

Ұйқы таймерін орнату үшін сізде екі жолы бар.

А опциясы:



- Ұйқы таймер кезеңін (минутпен өлшенеді) таңдау үшін радио қосылып тұрғанда (радиодағы) **zZ** түймесін басыңыз немесе (қашықтан басқару пультіндегі) **SLEEP** түймесін қайталап басыңыз.
↳ Алдын ала орнатылған кезеңнен кейін радио күту режиміне автоматты түрде ауысады.
↳ **[Sleep OFF]** жазуы көрсетілген кезде ұйқы таймері өшіріледі.

Б опциясы:


- 1 **[Main menu]>[Sleep]** опцияларын таңдаңыз.
- 2 Ұйқы таймерінің кезеңін (минутпен өлшенеді) таңдау үшін **▲ / ▼** түймелерін қайталап басыңыз.
↳ **[Sleep OFF]** жазуы көрсетілген кезде ұйқы таймері өшіріледі.

9 Басқа мүмкіндіктер

Сыртқы құрылғыны тыңдау

Осы радиомен MP3 ойнатқышы сияқты сыртқы дыбыс құрылғысын тыңдауға да болады.

- 1 Қосқышы 3,5 мм болатын дыбыс кірісі кабелінің (жинақта жоқ) екі жағын мыналарға жалғаңыз:
 - радионың артқы жағындағы **AUDIO IN** ұясына және
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұясына.
- 2 **[AUX in]** режимін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
- 3 Дыбысты сыртқы құрылғыда ойнату (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).



Дыбыс деңгейін реттеу

- Ойнату кезінде дыбыс деңгейін реттеу үшін **+VOL** - түймесін қайталап басыңыз.

Құлақаспап арқылы тыңдау

- Құлақаспапты өнімдегі  ұясына қосыңыз.

Дыбысты өшіру

- Ойнату кезінде дыбысты өшіру немесе қосу үшін  түймесін басыңыз.

10 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	5 Вт (орташа квадраттық)
Құлақспаптың шығысы	3 мВт X 2, 32 Ом
Жиілік жауабы	60 -20000 Гц, ±3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	>65 дБА
Audio In (Дыбыс кірісі)	600 мВ (ОКМ), 22 кОм

Wi-Fi

Wi-Fi протоколы	802.11b/g/n
-----------------	-------------

Теңшегіш

Реттеу ауқымы (FM)	87,5 - 108 МГц
Дәлдеу ауқымы (DAB)	174,928 - 239,2 МГц (III диапазон)
Сезімталдық (FM)	< 22 дБф (Mono, 26 дБ сигнал-шу қатынасы)
Сезімталдық (DAB)	-98 дБм

Жалпы ақпарат

АТ қуаты (қуат адаптері)	Бренд атауы: PHILIPS;
	Модель: AS190-075-AD180;
	кіріс: 100-240 В~, 50/60 Гц, 0,7 А;
	Шығыс: 7,5 В === 1,8 А;
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	<10 Вт
Күту режимінде қуатты тұтыну (Wi-Fi қосылмағанда)	<1 Вт
Өлшемдер - негізгі құрылғы (Е x Б x К)	129 x 104 x 105 мм
Салмағы - негізгі құрылғы	0,6 кг

11 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіккеніз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Радиосағаттың айнымалы ток қуат ашасының дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.

Дыбыс жоқ немесе нашар.

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Радио дыбысының өшкенін немесе радиостанция әлі де буферленіп жатқанын тексеріңіз.
- Құлақаспап қосылғандығын тексеріңіз.
- Радиоантеннаны толық шығарып, орналасу қалпын реттеңіз.
- Радио кедергілерді болдырмау үшін радионы басқа электрондық құрылғылардан алыс ұстаңыз.
- Wi-Fi желісінің байланысын тексеріңіз. Wi-Fi антеннаны бұрып, орналасу қалпын реттеңіз.

Радио-сағаттан жауап жоқ

- АТ адаптерінің ашасын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін радио-сағатты қайтадан қосыңыз.
- Радио күту режимінде екендігін тексеріңіз. Егер солай болса, радионы қосыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Радио бөгеуілдерге жол бермеу үшін радиосағатты басқа электрондық құрылғылардан алыс ұстаңыз.

- Радиоантеннаны толық шығарып, орналасу қалпын реттеңіз.
- Wi-Fi желісінің байланысын тексеріңіз. Wi-Fi антеннаны бұрып, орналасу қалпын реттеңіз.

Wi-Fi сигналының күші жеткіліксіз

- Маршрутизатор мен радио арасындағы қашықтықты тексеріңіз.
- Wi-Fi антеннаны бұрып, орналасу қалпын реттеңіз.

Wi-Fi желісіне қосыла алмайды

- Сымсыз маршрутизатордың өшіп тұрғанын тексеріңіз.
- Сымсыз маршрутизатордың WPS стандартын қолдайтынын тексеріңіз. WPS стандартын қолдайтын маршрутизаторды радиоға қосу үшін дұрыс орнату әдісін (PBC немесе PIN) қолданыңыз. Қажетінше Wi-Fi байланысын қалай орнату керектігін білу үшін сымсыз маршрутизатордың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Wi-Fi параметрлерін қайта конфигурациялаңыз (**«Бастау» > «Бастапқы орнатуды орындау»** және **«Жүйе параметрлерінің мәзірін қолдану» > «Желі параметрлерін реттеу»** бөлімдерін қараңыз).

Кейде кейбір станциялар жұмыс істемейді

- Кейбір станциялар тек шектелген тыңдармандар санын ғана қолдай алады. Егер бірнеше минуттан кейін қайта байқап көрсеңіз станцияларды тыңдай аласыз.
- Станция хабар таратпай тұр. Әрекетті кейінірек қайталаңыз.

Кейбір станциялар станция тізімінен жоқ болып кетуі мүмкін

- Станция интернетте хабар таратуды тоқтатқанда, ол тізімнен өшеді. Радио станцияның эфирде екендігін тұрақты түрде тексеріп тұрады. Егер ол қайта таратуды бастаса, онда тізімге де оралады.

Оятқыш жұмыс істемейді

- Сағатты/оятқышты дұрыстап орнатыңыз.

12 Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Сәйкестік

CE 0890

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуға болады.

Қоршаған ортаны күту

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EC еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Электр және электрондық бұйымдар мен батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесінің ережелерімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдар мен батареяларды қалыпты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдар мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.

Лақтыруға болатын батареяларды тастау
Тасталатын батареяларды шығарып алу үшін батареяны орнату тарауын қараңыз.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты
Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстанаңыз.

Өнімде көрсетілген тауар белгісі

II сыныпты жабдық таңбасы



Бұл таңба осы өнімде екі еселік оқшауланған жүйенің бар екендігін көрсетеді.



Specifications are subject to change without notice.

2015 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.

Philips and the Philips' Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used by WOOX Innovations Limited under license from Koninklijke Philips N.V.

AE8000_10_UM_V1.0

